

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Атмосфералық қысым. Торричелли тәжірибесі

ЖАРИЯЛАНДЫ
05.02.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/29330/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Кембаева Жанна Каскарбековна**Мақсаты:**

а) білімділік: атмосфералық қысымның пайда болу себебін, атмосфералық қысымның ашылу тарихын, Торричелли тәжірибесінің мәнін түсіндіру, атмосфералық қысымның қолданылуы жайлы мәлімет беру;

б) дамытушылық: оқушының ойлау қабілетін дамыту, физикалық теорияны, заңдылықтарын қолдана білу. Эксперименттер жүргізуге икемділіктерін арттыру.

в) тәрбиелік: өздігінен ізденуге, еңбек сүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың түрі: аралас**Көрнекілік:** видеопректор, компьютер, слайдтар, плакаттар, стикерлер, оқулық.**Пәнаралық байланыс:** математика, биология, химия, география, информатика.**Сабақтың барысы:**

1. Ұйымдастыру.
2. Үй тапсырмасын сұрау.
3. Жаңа сабақ.
4. Қорыту.
5. Бағалау.
6. Үйге тапсырма.

2. **Үй тапсырмасын сұрау.** «Өрмекші торын құру» арқылы сұраймын.

1. Қысым деген не? (Белгілі бір бетке түсіретін күш әрекетінің нәтижесін сипаттайтын шаманы қысым деп атаймыз)
2. Қысымның өлшем бірлігі (Паскаль)
3. Қысымды қандай әріппен белгілейді? (P)
4. Паскальдің толық аты (Блез Паскаль)
5. Паскальдің өмір сүрген жылдары (1628-1662)
6. Күш дегеніміз не? (дененің өзара әрекеттесуін сипаттайтын физикалық шама)
7. Күшті қандай әріппен белгілейміз? (F)
8. Ауданды қандай әріппен белгілейміз (S)
9. g қандай шама? (тұрақты шама)
10. g қаншаға тең? (9,8 Н/кг)
11. Күштің өлшем бірлігі (Ньютон)
12. Ньютонның толық аты (Исак Ньютон)
13. Заттың үш күйі (қатты, сұйық, газ)
14. Гидравликалық машина грекше аудармасы (гидро – су, ауло – түтік)
15. Диффузия дегеніміз не? (жайылу, таралу деген мағына)
16. Паскаль қай елдің ғалымы? (Франция)
17. Ауырлық күші дегеніміз не? (дененің жерге тартылуы)
18. Ньютон қай елдің ғалымы? (Италия)

3. **Жаңа сабақ**

Оза технологиясы бойынша: Атмосфералық қысым. Торричелли тәжірибесі.

Топтарға постерлер, маркер, стикер таратылып беріледі. Әр топ өздерінің атауларына байланысты тапсырманы орындап, қорғап шығады.

4. **Сергіту сәті.**

Логикалық сұрақтар.

1. Бір қаладан екінші қалаға барады, бірақ қозғалмайды? (жол)
2. Машина оңға бұрылған кезде қай дөңгелек қозғалмайды? (запастағы дөңгелек)
3. Қай кезде аспан жерден төмен болады (судағы бейнесінде)
4. Автокөліктің артқы жағында бала отыр, қолында газға толы шары бар. Шарды төбеге тигізбей ұстап отыр. Терезелер жабық. Солға бұрылып жатырмыз. Шар солға , оңға немесе басқа әрекет жасай ма? (Шар солға кетеді, ауа шардың ішіндегі газдан ауыр, сол себепті автокөлік бұрылғанда ауа оңға қарай итереді.
5. Күні бойы бір сұрақты қойып, әр сұрағанда әртүрлі жауап аламыз. Ол қандай сұрақ? (Сағат қанша болды)

6. **«Іскерлік кезең» .**

I-топ:

II-топ:

III-топ:

7. **Есептер шығару.**

1. Алматыдан шыққан автобус Сарыөзекке дейінгі 180 км жолды 2,5 сағат жүрді. Автобустың қозғалысын бірқалыпты деп ұйғарып, оның жылдамдығын анықтау керек.
2. Еденде массасы 50 кг бір қап ұн тұр. Ауырлық күшін, қаптың салмағын есептеп табыңдар.
3. Автомашина 1500 м жолды 36 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Осы жолды жүруге кеткен уақытты анықтау керек.

8. Қорытынды.

9. Бағалау.

10. Үй тапсырмасы.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.